2007 жылы астықты мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 наурыздағы N 190 Қаулысы

Республиканың азық-түліктік қауіпсіздігін, жұмылдыру мұқтаждығын қамтамасыз ету, стратегиялық мәні бар астық нарығын жедел реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2007 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға арналған бюджет қаражатының сомасы:

көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы 3892000000 (үш миллиард сегіз жүз тоқсан екі миллион) теңге мөлшерінде;

күзгі кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға 2316382000 (екі миллиард үш жүз он алты миллион үш жүз сексен екі мың) теңге мөлшерінде белгіленсін.

Көктемгі-жазғы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға пайдаланылмаған ақша қаражаты күзгі кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға пайдаланылады.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК